

# АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым


№15 (7852)

Жұма  
15 сәуір  
2022 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығарылады

@ aktogai\_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz



Жолдау мұраты – ел мүддесі

## Бұл Жолдаудан күтеріміз көп

16 наурыз күні жарияланған Мемлекет басшысының Жолдауы кезекті болғанымен, бұл Жолдаудың орны ерекше. Қайғылы қаңтар оқиғасынан кейін үміт пен күдік араласқан кезеңде бұл Жолдау тоннель артында шам бар екенін көрсетті. Күрделі геосаяси жағдай мен ішкі саяси жағдайдың тұрақсыздығына қарамастан, саяси реформалар болады. Оның кепілі – Мемлекет басшысы. Жолдаудың негізгі сарыны – осы. Президент билік тармақтарының ара қатынасына жете тоқтала келіп, мұндағы жүйелік кемшіліктерді еңсерудің жолдарын ұсынып қана қойған жоқ, бұл реформалардың негізгі мақсаттарын айқындап, себеп-салдарына тоқталды.

Мемлекет азаматтардан құралатынын және азаматтың саяси белсенділігін арттыру, қоғамдық диалогты жаңа межеге көтеру тек қана азаматтық қоғам мен демократиялық қағидалардың арқасында орын алуы мүмкін екеніне тоқталып өтті. Ең жоғары өкілетті орган болып табылатын Парламент палаталары депутаттарының саны қысқарып, сапасы арттады. Депутаттарды тек партиялық тізім бойынша емес, сонымен қатар тікелей сайлау мүмкіндігі халық пен өкілді орган арасындағы байланысты нығайта түседі. Сонымен қатар, депутаттардың қайтарымындық қағидаларының енгізілуі депутат қызметін бағалаудағы маңызды тетік болмақ. Мәжіліс құзыретінің

нығаюы заң шығарушы биліктің рөлін қайта қарауға серпін береді. Әкімдердің сайланбалылығы, олардың халық алдындағы жауапкершілігінің артуы Мемлекет басшысының маңызды басымдықтарының бірі ретінде көрініс тауып

отыр. Аудан әкімдерінің сайланбалылығы, ауыл әкімдерінің құқық-тық және қаржылық мәртебесінің артуы жергілікті билік дербестігінің кепілі болмақ. Саяси реформалардың тетігі Қазақ елінің терең тарихымен тығыз байланыста өрбиді. Заманауи мемлекет құру идеясы Қазақстанның рухани құндылықтарымен және мемлекеттілік кезеңдерін саралаумен қатар жүруі тиіс. Бұған дәлел, жаңа облыстардың пайда болуы деп айтуға болады. Президент ұсынған әр облыс орталығының қазақ тарихында өзіндік ойып алар орны ерек.

Жолдауда айтылған ерекше басымдықтардың бірі қоғам мен мемлекет үшін ең маңызды Конституциялық соттың қалпына келуі. Сондықтан, тәуелсіз сот билігі ғана тиімді құқық пайдалану саясатының қайнар көзі бола алады. «Жаңа Қазақстанда біздің басты ұстанатын қағидамыз – әртүрлі көзқарастарды есепке ала отырып, біртұтас ұлтты сақтау», – деді Президент өз Жолдауында. Біз, ұрпақ тәрбиелеп, ел болашағы үшін қызмет етіп отырған арнаулы және жоғары оқу орнының ұстаздар қауымы, Президентіміз Қ.Тоқаевтың халыққа Жолдауын қолдай отырып, оның ары қарай іске асуына өз тарапымыздан жұмыла іске кірісетінімізді баса айтқымыз келеді.

М.ҚАҚАБАЕВ,

Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжінің өндірістік оқу шебері.

## Жаңа әкім сайланды

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық Заңының 14-бабының 9 тармақшасына, 44-бабының 2 тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес, Ақтоғай ауданы, Шабанбай би ауылдық округінің әкімі болып Мұрасов Аскар Какимович сайланды.

Мұрасов Аскар Какимович 1973 жылы 28 қыркүйекте Ақтоғай ауданы, Шабанбай би ауылында дүниеге келген. 1997 ж. Щучинск қаласындағы «Бурабай агротехникалық колледжін», 2008 ж. Көкшетау қаласындағы «Көкшетау университетін» орман шаруашылығы технигі, орман шаруашылығы мамандығы бойынша тәмамдаған.

1991-1993 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтеген.

1993-1994 жылдары «Қаратал» ауыл

шаруашылығы кәсіпорнында жұмысшы;

2004-2014 жылдары «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» КММ орманшысы;

2016-2020 жылдары «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» КММ орман шебері;

2020 жылдан «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» КММ директорының орынбасары болып қызмет атқарды.



Жолдау мұраты – ел мүддесі

## Бірлігі күшті ел озады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында жаңа Қазақстанды қалай құру туралы және Парламент, Мәжіліс, облыстық және аудандық депутаттар сайлауын әділ жүргізу, сонымен қатар Президент пен сайлау комиссиясының мүшелері ешқандай партияда болмауы керек екенін баса айтты. Сонымен қатар, Президент елімізде жаңа үш облыс ашылатынын мәлімдеді. Олар – Абай облысы, орталығы – Семей қаласы, Ұлытау облысы, орталығы – Жезқазған қаласы, Жетісу облысы, орталығы – Талдықорған қаласы. Ал, Алматы облысының орталығы Қапшағай қаласы болды. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы егер ел Қапшағай қаласына Дінмұхамед Қонаевтың есімін беруге ұсыныс жасаса, қолдайтынын да атап өтті.

Жолдауда әлемде болып жатқан оқиғаларға байланысты санкциялардың әсері, ұлттық валютаны бір қалыпта ұстау, спекуляцияға жол бермеу туралы да тілге тиек етілді. Сөз соңында: «Ұлт пен мемлекеттің тұтастығын сақтап қалу менің міндетім деп білемін», – деді Мемлекет

басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Жалпы, Президенттің бұл Жолдауында ақиқат пен әділдікке сүйенбей, жаңа Қазақстан құру мүмкін емес екенін байқадық. Ендеше, ең алдымен билік басындағы шенділерден бастап, қарапайым ел тұрғындарына дейін әділеттің ақ жолына түсіп, мемлекеттік жүйе мен құрылымдардың барлығы сыбайлас жемқорлықтан арылып, ел тәуелсіздігін мәңгі сақтап, байтақ еліміз бен жеріміздің бейбітшілік пен бақыттың мекеніне айналса деген тілегі көкейімізге үлкен сенім ұялатты.

Алмағайып заманда елдігімізді сақтай отырып, Қазақстанды алға бастау – бұл әрбір қазақтың азаматтық парызы. «Қазақстан деген қасиетті ел бізден басқа ешкімге керек емес», – деген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бір ауыз сөзінің өзінде үлкен астар бар. Елдігімізді сақтап, елімізді өркендету жолындағы Президентіміздің Жолдауын толықтай қолдаймын.

Я.НҰРЛАН,

«Ақтоғай ажары»

газетінің бағдарламашысы.

### Рухани жаңғыру

*Қайырымдылық – адам баласы бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Адами қасиеттердің қадірлісі қайырымдылық болса, ал оны жасау, қамқорлыққа зәру жандардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске қолынан келгенше көмектесіп, үлесін қосу – адамның азаматтық парызы.*

## Қайырымдылық – қадірлі іс

Өрине, қамқорлық жасау, өзінде барды өзгемен бөлісу, мұқтаж, көңілі жарым жандарға қол ұшын беру – жомарттықтың белгісі және ондай іс тек жомарт жандардың қолынан келері анық. Қашан да алған қолдан, берген қол қайырлы. Осы мақсатта, қасиетті Рамазан айында Құсақ ауылы азаматтарының бастамасымен ауылдық мешіт аз қамтамасыз етілген және көпбалалы 4 отбасына азық-түлік түрінде көмек көрсетті.



«Қайырымдылық жасасаң, қайырын көрерсің» дегендей, қайырлы істің ұршығын иірген құсақтықтар өркез қай істе болмасын нағыз адамгершіліктің үлгісін көрсетіп келеді. Халқымыздың қанына сіңген игі қасиетіміздің сауабы мол болғай.

Өз тілшімізден.

**АҚТОҒАЙ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ**

2022 жылғы 10 сәуірде Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылдық сайлау округі бойынша Шабанбай би ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес, Ақтоғай ауданының Шабанбай би ауылдық округі әкімінің сайлау нәтижесі туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде сайлау қорытындысын белгіледі.

Ақтоғай ауданы Шабанбай би сайлау округі Шабанбай би ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша: Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Мұрасов А.К. – 358 (98,08%); Райымбеков Ж.Ж. – 2 (0,5%); Смағұлов Н.С. – 5 (1,3%). Шабанбай би ауылдық округінің әкімі болып Мұрасов Аскар Какимович сайланды. 1973 ж. туған, «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай ауданы шаруашылығы» КММ, директордың орынбасары, Шабанбай би ауылдық округінің тұрғыны, «Аманат» партиясының ұсынуымен.

**АҚТОҒАЙ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.**

**СООБЩЕНИЕ АҚТОҒАЙСКОЙ РАЙОННОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ**

10 апреля 2022 года состоялась выборы акима Шабанбайбийского сельского округа Ақтоғайского района по одному избирательному округу.

Ақтоғайская районная избирательная комиссия в соответствии с подпунктом 9) статьи 14, пунктом 2 статьи 44, статьей 45, статьей 113-10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», на основании протокола участковый избирательной комиссий о результатах выборов акима Шабанбайбийского сельского округа Ақтоғайского района установила итоги выборов.

Шабанбайбийский избирательный округ по выборам акима Шабанбайбийского сельского округа: Число голосов, поданных за каждого кандидата: Мұрасов А.К. – 358 (98,08%); Райымбеков Ж.Ж. – 2 (0,5%); Смағұлов Н.С. – 5 (1,3%). Избран акимом Шабанбайбийского сельского округа Мұрасов Аскар Какимович, 1973 года рождения, КГУ «Ақтоғайское районное хозяйство по охране лесов и животного мира», заместитель директора, проживает в сельском округе Шабанбай би, выдвинут партией «Аманат».

**АҚТОҒАЙСКАЯ РАЙОННАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ КОМИССИЯ.**

**Қазақстан-2050: құқық заңнамасы**

**«Мен және менің полицейім»**

Ағымдағы жылдың 11-15 сәуір аралығында ел көлемінде іске қосылған «Мен және менің полицейім» республикалық акциясы өткізілуде. Акцияның мақсаты – кәмелетке толмағандардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру, отбасылық және адамгершілік-рухани құндылықтарды насихаттау, оқушыларды полиция жұмысымен таныстыру, сондай-ақ оларға

жазаға тартылу жас мөлшері, сондай-ақ қылмыс жасаған жасөспірім қандай жауапкершілікке тартылатыны айтылды. Кәмелетке толмағандарға қарсы сексуалдық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында балаларды қоғамдық орындарда өз-өзін ұстау мәдениетіне баулу, жолдарда, таныс емес адамдармен сөйлесу кезінде өздерін ұстаудың негізгі ережелеріне үйретті.



көшеде, қоғамдық орындарда өздерін қалай ұстау керектігін, бөтен адамдармен қалай сөйлесу қажет екенін және қауіпсіздік шараларына үйрету. Акция барысында Ақтоғай ауданы ПБ жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторлары студенттер және оқушылар арасында «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі» тақырыбында дәрістер оқылып, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі, қылмыстық

Тақырыпқа сай қылмыстық баптар қарастырылып, оқушылар көкейлерінде жүрген сауалдарына жауаптар алды. Бұдан басқа Ақтоғай ауданы ПБ-де «Ашық есік күні» өткізіліп, К.Байсейітова, Шашубай ЖББО мектеп оқушыларына полиция бөлімшелеріне экскурсиялар ұйымдастырылып, полицейлердің жұмысымен және арнайы құралдарымен таныстырылды.

**Э.Тажимаева,**  
Ақтоғай ауданы ПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны.

**Дін – бірліктің діңгегі**

Сәуір айының 13-ші жұлдызында «Аманат» Қоғамдық бастамалар орталығы» қоғамдық қорының төрағасы, Қарағанды техникалық университетіндегі ҚХА және ӘГП кафедрасының аға оқытушысы Жарқын Тусупбеков және Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімінің маманы Жанболат Райымбеков Нүркен, Сарытерек ауылдарында болып, тұрғындармен кездесті. Бүгінгі таңда әлемде діни экстремизм мен терроризм мәселелері өзекті саналып отыр. Шырмауықтай шырмалған дүниеден шығу да оңай емес. Ел қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жат ағымдарға есікті бекітіп ұстау қажет. Оның кең таралмауының тиімді бір жолы – ақпараттық-насихаттық жұмыстарды кеңірек жүргізу. Әсіресе, жастар арасында. Осы мақсатта өткізілген мәжілістің мәні де өзгеше болды. Дін өкілдері ата-бабамыз ұстанған дәстүрлі

**Жат ағым жарға жығады**

дін турасында, интернет желісіндегі деструктивтік топтардың ықпалына түспеудің жолдары жөнінде салықалы сөз өрбітті. Діни мамандардың парасатты пікірлері тыңдалды. Жастар да өз ойларын жеткізді. Алғашқы болып сөз алған Жарқын Тусупбеков іс-шараға қатысушыларға, әсіресе, жас буын өкілдеріне заманның ағымынан қалыс қалмас үшін жан-жақты білімді әрі парасатты болу керектігін атады. – Қазір рухани құндылығымыз бен салт-дәстүрден ажырап барамыз. Қазақтың ырым-тұйымының тәрбиелік мәнін де біле бермейміз. Діни білімсіздіктің салдарынан жат ағымның жетегіне кететіндер көп. Отбасындағы тәрбиеге баса мән берген жөн, – дейді «Аманат» Қоғамдық бастамалар орталығы» қоғамдық

қорының төрағасы Ж.Тусупбеков. Сондай-ақ, ауданның ішкі саясат бөлімінің маманы Жанболат Райымбеков радикалды діни ағымдардың таралу қаупінің алдын алу мен дінаралық, конфессияаралық келісімді нығайтудағы басымды бағыттардың бірі – жастардың патриоттық тәрбиесі туралы сөз қозғады. «Дін – ұстай алсаң қасиетін, ұстай алмасаң қасіретін» дейді халық даналығы. Әуелгі қателік кейін адамның тағдырына айналуы мүмкін. Қоғамды бүлікке емес, бірлікке бастаушы – ілім. Сондықтан да, жат ағымның жақсылыққа апармайтынын білген жөн.

**Думан Амангелдіұлы.**

**ҚР Қарулы Күштерінің құрылғанына – 30 жыл**

Еліміздің айбыны, мақтаншы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына биыл 30 жыл толып отыр. Осы мақсатта ҚР Ұлттық ұланы 3660 әскери бөлім командирінің орынбасары Саламат

атқаратын міндеті. Халқымыздың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы: «Отан үшін отқа түс, күймейсің!» деген өшпес өсиет қалдырды. Бұл өсиет әр азаматтың көкейге түйетін қағидасына айналуы тиіс. Біздің

**Әскери борыш – абыройлы міндет**



Амирханов Қарамеде би ауылдық округінде болып, жастармен кездесу өткізді. Мақсат – Ұлттық ұланның қоғамдық қауіпсіздік саласындағы қызметін ел ішіне кеңінен насихаттай отырып, жасөспірімдерді әскери патриоттық рухта тәрбиелеуге үндеу. Кездесу аясында сөз алған С.Амирханов Ұлттық ұланның бүгінгі таңдағы қызметімен таныстыра келе, әскерилердің жауынгерлік ерлігі туралы айтса, ауыл жастары өздерін қызықтырып жүрген сұрақтарын қойды. – Отан алдындағы борышты өтеу, бұл – әр азаматтың абыроймен

ұландық офицерлер арасында өзінің өмірін қауіп-қатерге тігіп, ерліктің үлгісін көрсеткен әріптестеріміз аз емес. Олардың барлығы да өздерінің ерлік іс-қимылдарымен өзгенің өміріне араша түскен бейбіт күннің батырлары, – деп сөз сабақтаған С.Нұрахметұлы қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, қаруды шашып-жинау, әскер жауынгерлерінің жаттығулары мен шеберліктері туралы қызықты оқиғаларымен бөлісіп, ізгі тілегін білдірді.

**М.Бейсенбеков,**  
Қарамеде би ауылдық округі әкім аппаратының бас маманы.

# Мемлекеттік қызметтегі цифрландыру

**Мемлекеттік қызмет саласында цифрландырудың қажеттілігі қандай және бұл мәселенің өзектілігі қаншалықты?**

Жалпы кез-келген мемлекет, мемлекеттік басқару жүйесінің тиісті деңгейде өзіне жүктелетін міндеттерін атқаруына, оның заман талабына сай, бүгінгі әлемдік талаптарға жауап беруіне аса көңіл бөледі. Осыған орай, өте жылдам дамып жатқан қазіргі заманда, бұрынғы «дәстүрлі» мемлекеттік басқару жүйесі заманауи талаптар мен сұраныстарды әрқашан қанағаттандыра алмай қалу тәуекелі бар.

Сол себепті де, мемлекет өзінің дәстүрлі көптеген функцияларын жетілдіруі, автоматтандыру, цифрландыру және көптеген функцияларды жүзеге асыру үшін жыл сайын қомақты қаражат бөледі. Ал, мемлекеттік функцияларды цифрландырып, автоматтандырса, шығын да азайып, мемлекеттік аппарат анағұрлым мобильді жедел сервистік болады. Сонымен қатар, бұл халыққа

өте ыңғайлы «клиентке (тұтынушыға) бейімделген» қызмет көрсету формасын қалыптастырады.

Мемлекеттік функцияларды іске асыруда сөзбұйдалық (бюрократизм), сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету, мемлекет пен азаматтар арасындағы қарым-қатынасты біршама барынша жеделдету мен қолайлы етуге жағдай туғызады. Бұл ретте, біздің мемлекетіміз тарапынан да біршама сәтті бастамалар жүзеге асырылуда. Олар, сервистік мемлекет құру бағытында мемлекеттік қызметтерді барынша автоматтандыру, проактивті қызмет түрлерін енгізу, «бір терезе» - «бір өтініш» қағидаттары бойынша тұрғындарға қызмет көрсету. Сондай-ақ, халықтың өмірлік жағдайда «сұраныстарын алдын-ала болжап, оларға «жүгінуісіз-ақ» қызмет түрлерін ұсыну.

Бұл орайда, мен мемлекеттік қызметтегі цифрландыруды жүзеге асыру барысында мемлекет дербес айналыспай, бұл мәселеге жеке меншік серіктестік бағыты бойынша басқа да ұйымдарды тарту мүмкіндіктерін қолдану керек

деп пайымдаймын. Себебі, біріншіден, цифрландыруға мемлекет тарапынан қаражат анағұрлым аз жұмсалыады.

Екіншіден, бұл салаға коммерциялық ұйымдар да қызығушылық танытуы мүмкін. Мысалы, Kaspi.kz коммерциялық ұйымы өзінің өкілдерін барынша автоматтандыра (цифрландыра) отырып қызмет көрсетудің ерекше үлгісін көрсетіп келуде.

Осындай ұйымдарды да мемлекеттік қызметті цифрландыруға тартуға болады деп есептеймін. Себебі, оларға ол жаңа мүмкіндіктер, жаңа сервистер қосымша тұтынушылар әкеледі. Өз кезегінде, мемлекетке өз функцияларын цифрландырып бірлесе қомақты жұмыстар атқарып алуға болады. Әрине, бұл жерде мемлекеттік және заңмен қорғалатын құпия мәліметтердің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ете отырып атқару қажет.

Цифрландыру, толық қағаз құжат айналымынан арылуға, көпсатылы инстанциялардан халықтың жүгінуінен арылтады. Сәйкесінше, халықтың да

қанағаттану деңгейі артып, ал мемлекеттік бюджетке салмақ азайды, шығындар қысқарды.

Цифрландыру бүгінгі таңда мейлінше біздің мемлекетте әжептәуір жоғары деңгейде дамуда.

Алайда, бұл бағытта бірізділік пен бір операторға шоғырландырып, шашыранқы көптеген ақпараттық жүйелерді бір орынға тоғыстыру қажет деп пайымдаймын.

Сөзсіз, бүгінгі күні атқарылып жатқан осы бағыттағы шаралар, игі бастамалар жарқын болашақта өзінің оң нәтижесін берді. Себебі, осыдан 5-10 жыл бұрынғы мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызмет көрсету, функцияларды жүзеге асыруды бүгінгі күнгі деңгеймен салыстыруға келмейді.

**С. Амангельдинова,  
Мемлекеттік қызмет істері  
Агенттігінің Қарағанды  
облысы бойынша Департаменті  
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер  
басқармасының бас маманы.**

## 2022 жылғы I тоқсанда мемлекеттік сатып алулар бойынша атқарылған жұмыстар туралы

2022 жылға аудан бойынша тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алуға мемлекеттік сатып алудың веб-порталына 5 млрд 303 млн 227 мың теңгеге жылдық жоспар орналастырылып, 365 млн 697 мың теңгеге 471 келісім-шартқа отырды. Қалыптасқан шартты үнем – 12 млн 575 мың теңге.

Оның ішінде: Бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы 330 мемлекеттік сатып алу 207 млн 752 мың теңгеге жоспарланып, 93 млн 545 мың теңгеге 175 келісім-шартқа отырды (ІС бухгалтерия, құжат айналымы, ақпараттық есептеу орталығы, пошта, интернет, байланыс, коммуналдық және банк қызметтері т.с.с.).

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілі арқылы 1280 мемлекеттік сатып алулар 228 млн 507 мың теңгеге жоспарланып, 158 млн 790 мың теңгеге 285 келісім-шартқа отырды (өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алуларды қоса алғанда);

– Тауар биржасы арқылы 5 мемлекеттік сатып алу (көмір) 34 млн 534 мың теңгеге жоспарланды;

– Әлеуметтік мемлекеттік тапсырыс 5 мемлекеттік сатып алу (ішкі саясат, жұмыспен қамту бөлімдері, жастар ресурстық орталығы) 15 млн 338 мың теңгеге жоспарланып, 1 млн 259 мың теңгеге 1 келісім-шартқа отырды;

– Конкурстар бойынша (ашық және біліктілікті алдын-ала анықтау тәсілдері арқылы) 48 мемлекеттік сатып алу 4 млрд 817 млн 096 мың теңгеге жоспарланып, 4 млрд 747 млн 965 мың теңгеге 33 конкурс жарияланып, 112 млн 103 мың теңгеге 10 келісім-шартқа отырды. Қалыптасқан шартты үнем – 11 млн 881 мың теңге (Республикалық бірыңғай ұйымдастырушы арқылы 1 конкурс, облыстық бірыңғай ұйымдастырушы арқылы 8 конкурс, аудандық бірыңғай ұйымдастырушы арқылы 15 конкурс, ББӘ бойынша 9 конкурс);

Республикалық бірыңғай ұйымдастырушы («Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ) арқылы 1 конкурс 5 млн 804 мың теңгеге

жарияланып, бүгінгі күнге түскен өтінімдер қаралу үстінде.

Облыстық бірыңғай ұйымдастырушы (Қарағанды облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы) арқылы 8 конкурс 4 млрд 412 млн 586 мың теңгеге жарияланып, конкурстық рәсімдер жүргізілуде.

Аудандық бірыңғай ұйымдастырушы арқылы 15 конкурс 289 млн 260 мың теңгеге жарияланып, 103 млн 813 мың теңгеге келісім-шартқа отырылды, қалыптасқан шартты үнем – 11 млн 186 мың теңге.

Бюджеттік бағдарлама әкімгерлері арқылы 9 конкурс 40 млн 314 мың теңгеге жарияланып, 8 млн 290 мың теңгеге келісім-шартқа отырылды, қалыптасқан шартты үнем 695 мың теңге.

Аудан көлемінде іске асырылған ірі жобалардың мемлекеттік сатып алуларына тоқталатын болсақ:

Құрылыс жұмыстары бойынша Ақтоғай ауылының солтүстік-батыс шағын ауданының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салу (сумен жабдықтау, көріз, абаттандыру, қазандығы бар жылу желілері, телефондандыру) – 367 млн 707 мың теңгеге, Ақтоғай ауылында көріз желілерінің құрылысы – 2 млрд 548 млн 537 мың теңгеге, Шашубай кенті, ЖАҚбергенұлы көшесі, 9-үй 100 пәтерлі 5 қабатты тұрғын үйді қалпына келтіру – 680 млн 278 мың теңгеге, Ақтоғай ауылы, солтүстік-батыс шағын ауданында ИКИ (қосалқы станциясымен 35 кВ электр желісін, 16 көпәтерлі және 30 бір бөлмелі жалдамалы тұрғын үйлерге 10 және 0,4 кВ электр желісін) салу жұмысы 572 млн 662 мың теңгеге жарияланып, конкурстық рәсімдер жүргізілуде.

Күрделі жөндеу жұмыстары бойынша Кусақ ауылдық округі, Қошқар ауылы клуб үйі ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу 38 млн 694 мың теңгеге жарияланып, конкурстық рәсімдер жүргізілуде.

Орташа, ағымдағы жөндеу жұмыстары бойынша Шашубай кенті, ЖАҚбергенұлы

көшесіндегі кентішілік автомобиль жолын орташа жөндеу – 72 млн 245 мың теңгеге, Шашубай кентіндегі Абай Құнанбаев №35 және Шашубай Қошқарбайұлы №12 көп-қабатты үйлердің қасбеттері мен төбесін ағымдағы жөндеу жұмыстары – 18 млн 670 мың теңгеге, «Сарышаған кентінің көпқабатты тұрғын үйлерін абаттандыру және ағымдағы жөндеу» жұмысы – 48 млн 991 мың теңгеге, Шашубай кентіндегі көпқабатты тұрғын үйлерді ағымдағы жөндеу жұмыстары – 3 млн 150 мың теңгеге, Шашубай кентінің әкімдік ғимаратының санитарлық үй-жайларын ағымдағы жөндеу – 4 млн 759 мың теңгеге, Шашубай кентіндегі көше жарығын ағымдағы жөндеу – 4 млн 950 мың теңгеге, Шашубай кентінің әкімдік ғимаратының шатырын ағымдағы жөндеу – 11 млн 033 мың теңге, Қарамеде би ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратының сыртын жөндеу 2 млн 992 мың теңгеге, Тораңғалық ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратын жөндеу 3 млн 733 мың теңгеге жарияланып, жеңімпаздармен келісім-шартқа отыру үстінде. Абаттандыру жұмыстары бойынша Шашубай кентінің (Сейфуллин, Құнанбаев, Ақбергенұлы) көпәтерлі тұрғын үйінің аула аумағын абаттандыру бойынша жұмыс - 123 млн 474 мың теңгеге, Ақтоғай ауылындағы көпқабатты тұрғын үйлердің аумағын абаттандыру бойынша жұмыстар - 54 млн 917 мың теңгеге, Ақтоғай ауылының жарықтандыру объектілері мен жабдықтау техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары 12 млн 443 мың теңгеге жарияланып, конкурстық рәсімдер жүргізілуде.

Жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу жұмыстары бойынша Сарышаған кенті 3 шағынауданындағы №4 авариялық тұрғын үйді қалпына келтіру үшін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу бойынша жұмыстар 7 млн 143 мың теңгеге жарияланып, конкурс жеңімпазы "Корпорация "Асыл-Строй" ЖШС-мен 6 млн 429 мың теңгеге келісім-шартқа отырды, қалыптасқан шартты үнем – 714

мың теңге.

Сонымен қатар, бірқатар басқа да аудандық маңыздағы жолдарды күтіп ұстау, құрылыс және күрделі жөндеу жұмыстарының техникалық қадағалау қызметтері, күзет қызметтері, компьютер сатып алу, дыбыс жазу студиясы жиынтығымен сатып алу, ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жұмыстары (Шашубай кентіндегі жылу қазандығы, Жетімшоқы, Сарышаған, Ақжайдақ, Қарасу ауылдарының су желілерінің, Кежек, Жалаңаш ауылдарының мал молалары, Ақтоғай ауылына бассейн салу) бойынша конкурстық рәсімдер жүргізілуде.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдылықтар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу жалғасын тауып келеді. Жыл басынан бері Қарағанды облысының ішкі мемлекеттік аудит департаменті мамандарының бірлескен 2022 жылы мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша 27 қаңтарда және 4 ақпанда бейнеконференция режимінде семинар-кеңес өткізді. Семинар-кеңестің материалдары (хаттамалар, аудио-жазбалар) ауданның барлық бюджеттік бағдарлама әкімгерлеріне таратылды. Бөлімнің ұйымдастыруымен мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша 11 наурызда бейнеконференция режимінде семинар-кеңес өткізілді. Мемлекеттік сатып алу заңдылықтарына және веб-порталына енгізілген өзгерістер туралы бөлім тарапынан барлық бюджеттік бағдарлама әкімгерлеріне хаттар жолданып, аудан әкімінің, экономика және қаржы бөлімінің ресми интернет-ресурсында жарияланып отырылады. Бюджеттік бағдарлама мамандары мен бухгалтерлері арасында іске қосылған әлеуметтік желі (ватсап) арқылы да түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізілуде.

**«Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ.**

# «Ауыл жастары арасында кәсіпкерлікті дамытуға және қолдауға арналған аудан әкімінің грантын бөлу туралы

## Е Р Е Ж Е

Ақтоғай ауданы әкімінің гранты ауыл жастарының жаңадан ашылған, жұмыс жасап тұрған шағын бизнестерін әрі қарай дамытуға бөлінеді.

### Жобаға қатысушыларға қойылатын талаптар

– Қатысушылар келесідей талаптарға жауап берулері тиіс, белгілі орында мекен ететін қатысушының жасы 18-29 аралығында болуы керек, сол мекенде тұратын, кәсібін ашу және дамыту үшін (тек күндізгі бөлім студенттеріне берілмейді);

– Жоспарланып отырған бизнес аудан орталығында және елді мекендерде орналасуы қажет;

– Грантқа үміткерлер кәсіпкерлік қызметтің тандалған бағытының негіздемесімен бірге бизнес-жоспарларын ұсынулары шарт;

– Соңғы 6 айда Ақтоғай ауданында тұрақты тұратын, 18-29 жасқа дейінгілерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының азаматтары Ақтоғай ауданы әкімінің жастар кәсіпкерлігін дамытуға және қолдауға арналған гранттарын тағайындау жөніндегі конкурста (бұдан әрі – Конкурс) қатысушылар болып табылады;

– Гранттар нысанында қолдау шараларын қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

### Жоба мақсаты

– Жастарды жұмыспен қамтамасыз ету;  
– Жаңадан ашылып тұрған және әрекет етіп тұрған бизнесті қолдау, ауылдық жерлердегі жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту.

### Жобаларды таңдау

Жобаны таңдау келесідей бағамдар бойынша жүзеге асырылады:

– Аудан үшін жобаның маңыздылығы, жаңа жұмыс орындарының құрылуы;

– Жобаның өтімділігі, бизнестің келешектегі дамуы;

– Елді мекендердің экономикалық жағдайы үшін тандалған қызмет түрінің даму қажеттілігі;

Бір бизнес-жоспарға бөлінетін қаражат көлемін комиссия мүшелері анықтайды.

Жобаның бағыты мен шығындылығына байланысты комиссия грант сомасын ауыстыруға құқылы.

### Бизнес-жоспарлардың сараптамасы

Бизнес-жоспарлардың сараптамасы мен қорытындысын арнайы комиссия жасайды.

### Әлеуетті қатысушылар үшін экономиканың басым секторларының тізбесі

- Тоқыма өнімдерін өндіру;
- Теріден тігілген және оған сәйкес өнімдер өндіру;
- Жиһаз өндіру;
- Техникалық қызмет көрсету;
- Спорт саласындағы қызмет көрсету;
- Құрылыс саласына пайдаланатын құрылыс материалдарын өндіру;
- Туризм саласын дамыту және қызмет көрсету;
- Тамақ өнімдерін өндіру;
- Ауыл шаруашылығы секторын дамыту.

### Қатысушының сұранысын жасау үшін қажетті құжаттар тізімі

1. Өтініш;
2. Жеке басының куәлігі (көшірме), оралмандар үшін-оралман куәлігі;
3. Бизнес-жоба;
4. ИИН / БИН (көшірмесі);
5. Ауыл әкімінің қолдау хаты (түпнұсқа);
6. Жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер үшін қызмет көрсететін банктерден несие берешегінің болуы (болмауы) туралы анықтама (түпнұсқа);
7. Жұмыс істеп тұрған бизнес болған жағдайда жоба бойынша өндірістік бағдарламада пайдаланылатын мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттар, сондай-ақ жалдау келісімдері (көшірмесі);
8. Соңғы 36 айда «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курсынан өткенін растайтын құжаттардың көшірмесі (бар болса);
9. Соңғы 36 айдағы бизнес-жобаны іске асыру үшін қажетті кәсіптік дағдылар мен құзыреттер бойынша оқытудан, біліктілігін арттырудан өткенін растайтын қатысушы құжатының (сертификаттың) көшірмесі (бар болса);
10. Қатысушы бизнес-жобаны іске асыру үшін қажетті әзірлеуге (өнертабысқа, пайдалы үлгі, өнеркәсіптік үлгіге) құқығын растайтын құжатының көшірмесі (патент, куәлік) (бар болса);
11. Оқуды растау туралы оқу орнынан анықтама;
12. Жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
13. Жеке кәсіпкердің ағымдағы банк шотының болуы туралы анықтама;
14. Қызмет көрсетілетін банкте несиелік берешектің болуы (болмауы) туралы анықтама;
15. Тезгікте.

### Гранты пайдалану құқығы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V Кодексімен 3 тарау, 14-бап, 6 тармағына сәйкес шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын ынталандырады.

Гранттардың нысаналы пайдалануына мониторингті бизнес-жобалардың аумақтық тиесілігіне қарай жұмыс органы, сондай-ақ жастар ресурстық орталықтары жүзеге асырады.

Грантты нысаналы пайдалану мерзімі шарт жасалған күннен бастап он екі айдан аспайды.

Жастар ресурстық орталығы шарт жасалған күннен бастап он екі ай ішінде қаражаттың мақсатты пайдалануына мониторинг жүргізеді.

Жастар ресурстық орталығы тоқсан сайынғы негізде жұмыс органына грант алушылардың бизнес-жобасын іске асыру туралы мынандай ақпаратты қамтитын есепті ұсынады.

1) Грант алушылар құрған жұмыс орындарының саны туралы;

2) Сатып алынған құрал-жабдықтардың, еңбек құралдарының, технологиялық жабдықтың саны, түрлері туралы, сондай-ақ үй-жайларды жалдауға ақы төлеуге бағытталған қаражат туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

### Грант алушының шарт талаптарын орындауы туралы

Грант қаражатын мақсатсыз пайдалану фактісі анықталған жағдайда Жастар ресурстық орталығы анықталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген факт туралы жұмыс органын жазбаша хабарлар етеді.

Жастар ресурстық орталығы ұсынған ақпарат негізінде жұмыс органы грант алушымен шартты бұзу туралы шешім қабылдайды.

Жұмыс органы шартты бұзу туралы шешім қабылданған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған Грант қаражатын қайтару бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

Қаражат мынандай жағдайларда (растайтын құжаттар болған кезде) қайтарылмауға жатпайды:

- 1) Грант алушы қайтыс болған жағдайда;
- 2) Грант алушы хабар-ошарсыз кетті деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған жағдайларда;
- 3) Грант алушы банкрот деп танылған жағдайда;
- 4) Грант алушы іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған жағдайда.

Ұйымдастыру алқасы.

АБ



Табиғат – тал бесік

## Қазынаны қорғау – қасиетті іс

Ұлы дала төсінде жайқалған өсем табиғаттың өзі – ұлттың киелі қазынасы, баға жетпес байлығы. Алайда, жер аяғы кеңіп, бөйшешек гүлдеген шақтан бастап, жадыраған жаз мезгілінде де табиғатты тосын қатерден қорғау мәселесі күн тәртібіне шығады.

Орман – жер бетіндегі табиғи қорлардың, оның ішінде өсімдіктер жамылғысының басты бір типі. Құрамында бір-біріне жақын өскен ағаштардың бірнеше түрлері қатар өсіп, аймаққа әр беріп тұратын табиғи кешен. Адамдарға емдік әсер ететін, күшті мен қайратын қалпына келтіретін, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің өртүрлілігінен эстетикалық ләззат алуға мүмкіндік беретін денсаулық қоймасы. Жасыл желек арасында, қаланың қапырығы мен шаңы,

мазаны алар шуы жоқ таза ауада кеудені керіп демалуға болады. Гүл мен шөптің жұпар иісін жұтып, құстардың сайраған дауысын тыңдап, табиғаттың сұлулығына тамсанамыз. Ал, осы кереметтің бәрі бір сәтте өртпен аяусыз жойылуы мүмкін.

Орман өрті – абайсызда жағылған от, сөнбей қалған шоқ, кейде найзағайдан, ауа температурасының өте жоғары болуынан пайда болады. Сондай-ақ, кейбір азаматтардың табиғат аясындағы демалыс кезінде жаққан бақылаусыз қалған от алауларының толық өшірілмеуі, сөнбеген темекі қалдықтары, құрғақ шөптің маңайында қалған шыны бөтелкелердің әсерінен де тұтанады. Көбінесе құрғақшылық кезеңдерде, ерте көктем мен күз

мезгілінің аралығында пайда болатын апат.

Сондай-ақ, мемлекеттік орман қоры жерлерімен іргелес орналасқан ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын егістік алқаптардағы жанатын өрттердің бақылаусыз қалуынан да өрт пайда болады.

Бұл өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің азаюына және жойылуына әсерін тигізеді. Ағаш қорын кемітумен қатар, оның өсуін нашарлатады. Жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғып келеді. Өрт желдің күшіне, бағытына қарай өршиді.

Орманда пайда болған отты сөндіру үшін көбіне табиғи кедергілер – өзен, жыра, батпақ, жол және орманды, тоғайлы алқаптарда арнайы жүргізілген

минералды жолақтар пайдаланылады. Өрт қаупі бар маусымдарда орман саласына қатысты мекемелерде арнайы кезекшіліктер ұйымдастырылып, өрттің алдын алу шаралары жүргізіледі.

Табиғат аясындағы демалыста және басқа да уақыттарда өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау керек. Өрт оқиғасы байқалған жағдайларда құзырлы органдарға ертерек хабарлап, оның кең көлемде таралмауына ықпал жасау әрбір азаматтың табиғат алдындағы міндеті екенін назарда ұстаған жөн.

Қ.Шаярыстанов,  
Қызыларай орманшылығының басшысы.

АБ

**Рухани жаңғыру: тарих тағылымы**

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» беттерінің біразы «Алаш» партиясы мен Алашордаға тікелей байланысты. «Алаш» партиясы мен Алашорда тарихын арнаулы әдебиетте Алаш немесе Алашорда қозғалысы тарихы деп атайды.

Алаш немесе Алашорда – бірнеше құрамдас бөлімдерден тұратын күрделі ұғым. Сондықтан, әуел бастан Алаш қозғалысына жататын жекелеген мәселелердің басын ашып, оларды нақтылы түрде қарастырған жөн. Олар біріншіден, саяси ұғым партия ретіндегі «Алаш», екіншіден, мемлекеттік құрылым ретіндегі Алаш автономиясы, үшіншіден, осы автономияны басқаруға тиісті болған Алаштың ордасы туралы мәселелер.

мен совет-партия органдарында жауапты қызмет атқарып жүрген бұрынғы Алашорда қозғалысына қатысқандарға қарсы шабуыл басталды. 1922 жылдың күзінен бастап алашордашылардың көпшілігін, оның ішінде Ахмет Байтұрсынұв та бар, Қазақ АССР-ның жоғарғы басқару органдарынан жаппай қуу науқаны басталды, өйткені республика коммунистерінің белгілі бөлігі оларды Кеңес үкіметі мен социалистік құрылыс ісіне жау пиғылдағы адамдар деп бағалауын қойған жоқ болатын.

Республика партия ұйымын басқаруға Сталиннің сенімді

кезеңдері мен қызметіне объективті баға бере алмады.

1933 жылы желтоқсанда ВКП (б) қазақ өлкелік комитетінің жанындағы партия тарихы институтында Алашорда және «Алаш» партиясы тарихына арналған пікірталас ұйымдастырылды. Онда «Алашорданың тарихи рөлі» деген тақырып бойынша негізгі баяндаманы осы институт қызметкерлері С.Брайнин мен Ш.Шафиро жасады. Баяндамадағы негізгі пікірлерін кеңейтіп, нақтыландырыған осы екі автор 1935 жылы «Алашорда тарихы бойынша очерктер» деген кітапты

# АЛПЫС ЖЫЛ АЙТЫЛМАҒАН АҚИҚАТ

Басқа сөзбен айтқанда, осы нақты үш мәселелердің жиынтығы Алаш немесе Алашорда деген ұғымды бейнелейді. Қазіргі оқырманның көпшілігі, әсіресе 20-30 жылдардан кейінгі дүниеге келген ұрпақ, Алаш туралы білмейді, ал біле қалған жағдайда, онысы шындыққа жанаспайды. Жағдайдың бұлай қалыптасуының өзіндік себептері болды. 20-шы жылдардан бастап орын алған бұрынғы «Алаш» партиясы мен оның жетекшілеріне қарсы ұйымдастырылған алғашқы саяси сот процесінен кейін, бұл тақырыпты нақтылы тарихи тұрғыдан зерттеуге ресми түрде тыйым салынды. Бірінші сот процесінің барысында 47 адам тергеуге алынып, ОГПУ-дің сот коллегиясының 1930 жылғы 4-ші сәуірдегі үкімімен 35 адамға әртүрлі жаза кесілді. Атап айтқанда, Ахмет Байтұрсынұв бастаған 10 адам әуелде өлім жазасына бұйырылып, кейін ол үкім 10 жылдық мерзімге концлагерьде отырумен алмастырылды. Екінші 1932 жылғы сот процесінің үкімімен Мұхаметжан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов бастаған Алаш қозғалысы басшыларының екінші тобы 5 жылдық мерзімге Ресейдің қазіргі Воронеж облысына жер аударылды. ОГПУ-дің осы екі үкімінен құрбандарының тірі қалып, елге оралғандары 1937-1939 жылдары түгелге дерлік «халық жауы» деген жалған айыппен ату жазасына кесілді, түрмеге жабылды, айдалды...

Сондықтан, «Алаш» туралы шындық айтылмайтын болды да, бұл тақырып ресми түрде «жабылды». Осының салдарынан 60 жылдай уақыт бойы ресми тарихнамада мәселенің байыбына бармай, шындыққа сай келмейтін, Алаш қозғалысын жаппай қаралайтын, оның жетекшілерін, «буржуазияшыл ұлтшылдар», «халық жаулары» деп жамандайтын пікірлер жазылып, әртүрлі мінбелерден жалған сөздер айтылып келді. Осы жылдары жекелеген шетелдік басылымдарда жарық көрген және Алаш қозғалысы туралы шындықты айтуды мақсат еткен Мұстафа Шоқай және Хасен Оралтай сияқты зерттеушілердің еңбектері Қазақстанға жетпей жатты.

20-шы жылдардың басынан Алаш қозғалысының тарихы

қолшоқпарының бірі Ф. Голощекин келген. 1925 жылдан кейін бұрын Алаш қозғалысында болған, 1919 жылдың соңынан бастап ғылым, оқу-ағарту, өнер, баспасөз салаларында халық үшін жемісті еңбек етіп жүрген қазақ зиялыларының соңына ресми өкімет партияның идеологиялық аппараты күндіз шырақ алып түсті. Оларға әртүрлі саяси айып тағу үшін кезінде Кеңес өкіметінің өзі кешірім жасаған Алаш қозғалысына қатынасулары негізге алынды. Олардың басым көпшілігіне Кеңес өкіметіне жау пиғылдағы және оған қарсы контрреволюцияшыл әрекеттер ұйымдастырушылар деген саяси айыптар жаппай жабыла бастады. Осы саяси науқанды жүзеге асыру Алаш қозғалысының тарихын ресми тұрғыдан, таптық және теориялық принциптер негізінде «зерттеу» науқанымен қатар жүргізілді. 1926 жылғы 25-30 қараша аралығында ВКП (б) қазақ өлкелік комитетінің үшінші пленумы Қазақстан партия ұйымдарын Алашорда идеологиясына, қазақ коммунистерінің арасындағы ұйымшылдық «оңшыл» және «солшыл» уклондарға қарсы идеялық күресті күшейтуге шақырды.

Жекелеген адамдарға Алашорданың «контрреволюциялық ұлтшылдық мөнін» әшкерелейтін еңбектер жазуға арнайы тапсырмалар берілді. Қазақстан партия ұйымы басшылығынан осындай тапсырма алғандардың бірі сол кезде республикалық мемлекеттік баспасының директоры болған А.Бочагов еді. Ол 1971 жылы жариялаған естелік кітабында былай деп жазды: «1926-1927 жылдары партияның сара жолы үшін жүргізілген күрес логикасына сәйкес мен Алашорда туралы кітап дайындауға кірістім. Мен алдыма Алашорданың контрреволюциялық мөні жөнінде айтып беруді, деректер негізінде оның Кеңес өкіметіне қарсы күресін көрсетуді мақсат етіп қойдым».

Өз алдына дәл осындай мақсат қойған автор зерттеу объектісі болған тақырып жөнінде шындыққа сай еңбек жаза қоюы екіталай еді. Іс жүзінде солай болды да, ВКП (б) қазақ өлкелік комитетінің үгіт-насихат бөлімі дайындап берген құжаттар негізінде 1927 жылы жарық көрген кітапшасында (Бочагов А. Алаш-Орда. Қызыл-Орда. 1927). Жалпы алғанда Алашорданы жамандаудан аспады, оның тарихының әртүрлі

орыс тілінде жариялады. Шағын-шағын бастартудан және қосымша ретінде берілген 44 құжаттан тұратын осы кітап авторлары «Алаш қозғалысының жетекшілері мен оған қатысушылардың барлығын орыс патшасы мен уақытша үкіметтің өкілдерін қазақ халқының қас жаулары» деп бағалап, Алашорданы ұлтшыл контрреволюцияның үкіметі деп анықтады.

Кітап жарық көрісімен жан-жақты сынға алынды. Кітап жөніндегі алғашқы пікір ВКП (б) орталық комитетінің органы «Правда» газетінде өте жылдамдықпен сол жылғы 14 сәуірде жарияланды. С.Брайнин мен Ш.Шафиро кітабында жасалған авторлық тұжырымдар Алаш пен Алашордаға сол кезде үстем болған идеологиялық бағытқа толығымен сай келгендігіне қарамастан, коммунистік партияның басты газеті аталмыш басылымды қатты сынға алды. Газет авторлары жасаған тұжырым қағидаларға емес, кітапқа қосымша берілген Алаш пен Алашорданың тарихи нақтылы мәліметтер беретін құжаттарға жүктелді. Оларды «Правда» газеті Алашорда идеологиясын ашық түрде насихаттау деп бағалады. Осындай саяси айып тағылған кітаптың тағдыры оп-оңай өрі тез шешілді. Ол Алашорданың контрреволюцияшыл ұлтшылдық идеологиясына қызмет етті деп бағаланды да, пайдаланудан ресми шешім негізінде алып тасталынды. Көп кешікпей осындай шешім жоғарыда өңгіме болған Н.Мартьяненко құрастырып, жарияланған құжаттар жинағы туралы да қабылданды. Сонымен, Алаш және Алашорда тақырыбына қалам тарту іс жүзінде тоқтатылды да, Алаш қозғалысын зерттеуге отызыншы жылдардың ортасынан бастап тыйым салынды. Бұл кезде 20-30 жылдардағы Алашорда тарихына қарсы бағытталған идеологиялық шабуыл өз «нәтижелерін» беріп үлгерген еді. 1930 және 1932 жылдардағы бұрынғы Алаш қозғалысына белсенді түрде қатынасқан қазақ зиялыларына қарсы ұйымдастырған саяси сот процесі шығарған үкімге байланысты олардың басым көпшілігі әртүрлі ұзақ мерзімдерге концлагерьге айдалды, атылды, жер аударылды.

А.Абдибекова, «Ақтоғай ауданының мемлекеттік архиві» КММ-нің архившісі.

**Қазақстан-2050:**

**агроөнеркәсіп кешені**

## Отырғызу немесе тұқымдық материалдарын пайдаланушылардың назарына!

Қазақстан Республикасының «Өсімдіктер карантині туралы» Заңының 12-бабына сәйкес, мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің бір саласы себу мен отырғызылатын материалдар болып табылады.

Ел аумағына карантиндік нысандардың енуін болдырмау, өсімдік және азық-түлік ресурстарын қорғау мақсатында отырғызу немесе тұқымдық материалдар басқа елдерден әкелінсе, фитосанитариялық сертификаттары, республика ішінен әкелінсе, карантиндік сертификаттары немесе тиісті ілеспе құжаттары болуы талап етіледі.

Еуге әкелінген тұқымдық картоп жана, бұрын қолданылмаған ыдыстармен жеткізілуі тиіс. Дәнді, дәнді-бұршақты, майлы, жемдік, техникалық дақылдарды тұтас металл ыдыстармен, контейнерлермен тасымалдау қажет және оларды сақтау орындарына әкелгенде арнайы қатты жабыны бар (бетон, асфальт) алаңқайларға түсіру талап етіледі.

Өсімдік, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің, шиенің (бүлдіргеннен басқа) отырғызу материалдары қалыпты жай-күйде, топырақсыз, гүлсіз және жеміссіз болуы және де шыққан жерінен оралған орамда әкелінуі қадағалануы қажет. Бір орамда әртүрлі отырғызу немесе тұқымдық материалдарды тасымалдауға үзілді-кесілді тыйым салынады.

Көктем айларында аудан көлеміне жеміс ағаштарын қоса есептегенде, әртүрлі ағаш өскіндері көптеп әкелініп, отырғызылады.

Жоғарыда аталған заң талаптарына сәйкес аудан аумағына әкелінген әртүрлі тұқымдық және отырғызу материалдары Ә.Бөкейхан көшесі, 10Б мекен-жайында орналасқан «ҚР АШМ АӨК МИК Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторына ұсынылуы қажет. Тұқымдық және отырғызу материалдарын аудандық аумақтық инспекцияның өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы арнайы бақылау мен қадағалаудан толық өткізгенге дейін бастапқы орамда болуы шарт, өз кезегінде мемлекеттік инспектор отырғызу және тұқымдық материалдарды карантиндік фитосанитариялық бақылау-қадағалаудан өткізіп, тиісті құжаттарды рәсімдейді.

«Өсімдіктер карантині туралы» ҚР Заңының талаптарын орындамау Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне» сәйкес айыппұл түріндегі әкімшілік шаралар қолдануға әкеп соғатынын әрбір жеке және заңды тұлғалар, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен лауазым иелері назарда ұстап, ескерулері қажет.

**«ҚР АШМ АӨК МИК Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясы» ММ.**



# Хабарландыру

2022 жылға Ақтоғай ауданы бойынша Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды 2022 жылдың 5 қаңтарынан бастап 31 желтоқсаны бойынша жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап тексеруден өткізу туралы.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы №4-3/269 бұйрығымен бекітілген Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды (бұдан әрі – машиналар) жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап тексеруден өткізу қағидаларына және де Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы №4-3/421 бұйрығымен бекітілген «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың машиналарын жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап тексеруден өткізу жүргізіледі.

Машиналарды мемлекеттік техникалық қарап тексеру олардың техникалық жай-күйін бағалау, олардың санын, тиесілілігін және басқа да тіркеу деректерін нақтылау, техникалық пайдалану және қауіпсіздік техникасы

қағидаларын өрескел бұзушылықтарды және жай-күйіне әсер ететін бұзылулардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында жүргізіледі.

Жылына бір рет техникалық қарап тексеруге жеке және заңды тұлғалардың иелігіндегі және жергілікті атқарушы органда «Ақтоғай ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік (уақытша) тіркеуде тұрған машиналар жатады.

Шығарылғанына үш жыл толмаған жаңа машиналарды техникалық қарап тексеруден өткізу тіркеу пункттерінде тіркелгеннен кейін алғашқы үш жыл ішінде бір рет олардың техникалық жай-күйін тексермей жүргізіледі.

1) Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде машиналарды техникалық байқаудан өткізуге асыру үшін заңды және жеке тұлғалар мынадай құжаттар ұсынады:

- Жеке тұлға (не оның сенімхат бойынша өкілі):
- нысан бойынша өтінішті;
- машинаны тіркеу құжаты (техникалық паспорт).
- Заңды тұлға (не оның сенімхат бойынша өкілі):
- нысан бойынша өтінішті;
- машинаны тіркеу құжаты (техникалық паспорт);
- нысан бойынша машиналарды мемлекеттік техникалық қарап тексеру актісіне енгізу үшін машиналар туралы мәліметтер.

- 2) Портал арқылы жүгінген кезде:
- Электрондық құжат нысанында өтініш;
- машинаны тіркеу құжатының (техникалық паспорттың) электрондық көшірмесі.

Техникалық қарап тексеруден өткен машиналарға тіркеу құжатына (техникалық паспорттына) «Ақаусыз» деген жазу жазылады, ал техникалық қарап тексеруден өтпеген машиналарға «Ақаулы» деген жазу жазылады, ол ЖАО инженер-инспекторының қолымен және тіркеу пунктінің мөртабымен расталады.


Тұрақты есепте тұрған жерінен басқа өңірлерге 2 айдан астам мерзімге шыққан машиналар, уақытша болған жерінде техникалық қарап тексеруден өткізуге ұсынылады.

Техникалық қарап тексеруге қойылатын талаптарды регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес келмейтін машиналар техникалық қарап тексеруден өтпеген болып саналады.

Қосымша ақпарат алу мен машинаны техникалық қарап тексеруден өткізу үшін «Ақтоғай ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ауыл шаруашылығы бөліміне мына мекен-жай бойынша хабарласыңыз: Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 10Г, телефоны: 8 (710-37) 2-18-95, тел/факс: 8 (710-37) 2-18-95. Ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Куземханов Талғатбек Каукербекулы.

Осы Ережеге сәйкес Ақтоғай ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі бас маманының 2022 жылғы ауыл шаруашылығы техникаларын кезекті техникалық байқаудан өткізу кестесі назарларыңызға ұсынылады:

№	Ауылдық округтердің атауы	Техникалық байқаудың өту кестесі
1	Кежек	16.05.-17.05. 2022 жыл
2	Жидебай	18.05.-20.05. 2022 жыл
3	Қараменде би	23.05.-24.05. 2022 жыл
4	Қызыларай	24.05.-25.05. 2022 жыл
5	Шабанбай би	26.05.-27.05. 2022 жыл
6	Сарыгерек	31.05.-01.06. 2022 жыл
7	Нүркен	02.06.-03.06. 2022 жыл
8	Абай	06.06.-07.06. 2022 жыл
9	Кусак	07.06.-08.06. 2022 жыл
10	Айыртас	09.06.-10.06. 2022 жыл
11	Қарабұлақ	13.06.-14.06. 2022 жыл
12	Ортадересін	15.06. 2022 жыл
13	Тасарал	16.06. 2022 жыл
14	Сарышаған	16.06. 2022 жыл
15	Тораңғалық	17.06. 2022 жыл
16	Шашубай	17.06. 2022 жыл
17	Ақтоғай	21.06.-23.06. 2022 жыл

Т.Куземханов,  
Ақтоғай ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы. 



## Дін – бірліктің діңгегі

# Діни экстремизм мен терроризмнің таралу себептері

Біз діни құндылықтар туралы білмейінше, халықтың мәдени тұтастығын қалыптастыра алмаймыз. Діни құндылықтар – ұлт үшін қасиетті сенімдер жүйесі. Дін – бүгінгі күні жалпы адамзат өркениеті мен мәдениетінің дамуына үлкен әсер етіп отырған әлеуметтік феномен деп айтуға толық негіз бар. Еліміз көпэтностық және көпконфессионалды болғандықтан, дін бостандығы берілген. Сондықтан, қазіргі таңдағы дәстүрлі діндер мемлекеттің, елдің тұрақтылығын сақтауына негіз бола отырып, діни конфессиялар арасында рухани келісімді, халықтар арасындағы бірлікті нығайтуға себеп болады. Діндер адамзат тарихында ізгіліктің құралы болғаны анық. Бірақ, саяси күштер дінді саясаттың құралы етіп алып, қатыгез саяси мақсаттарын жүзеге асырады. Технология мен ғылым дамыған кезде діни экстремизм деген ұғым жиі қолданылады. Діни экстремизм дегеніміз – саяси күштердің өз мақсаттарына жету үшін дін атынан мемлекетке қарсы жасалған немесе бағытталған күресі. Сөйтіп, олар өз билігін орнатуға немесе айтқанын орындатуға ұмтылады. Дінімізді бұрмалап әртүрлі жаңалықтарды енгізіп, дінімізден, тілімізден, қазақты қазақ етіп көрсететін салт-дәстүрімізден, ұлттық құндылықтарымыздан айырып, халық арасында араздық, дұшпандық, тасбауырлық тудырып, ынтымағынан, бірлігінен айырып, түрлі ағымдардың өте белсенді түрде жұмыс жасап жатқандығы – осының дәлелі. Сонымен қатар, адамның сана-сезімін ұлайтын, әлемдік діндердің атын жамылып, теріс бағыт беретін діни секталардың экстремалды түрде қаптауы халыққа зиянын тигізіп жатыр.

Жалпы экстремизм мәселесі, оның түрлі көріністерінде әлем бойынша өзекті тақырыпқа айналып отыр. Әлемдік тәжірибеде экстремизм әлеуметтік-экономикалық, саяси және діни, экологиялық және басқа да өзекті мәселелерді шешу барысында әрбір қоғамда, мемлекетте жанданады. Қарап отырсақ, экстремизм экономикалық жақтан дамыған және саяси тұрақты елдерде де белең алады. Экстремизмнің бірінші белгісі адамның надандыққа,

көрсөкырлыққа негізделген өз көзқарасы, пікірінің орындалуын табанды түрде талап етуі. Мұндай адамдар басқа көпшіліктің қажеттіліктері мен ақиқи жағдайын түсінбейді немесе түсінгісі келмейді. Экстремистердің екінші себебі, олардың ешбір қажеті болмаса да әр істе шектен тыс шығып кетуге бейім тұруы. Басқаларды да осыған итермелейді. Нәтижесінде адамдар арасындағы қалыпты қарым-қатынас бұзылып, қоғамдағы үйлесімді тіршілік арнасынан ауытқып, әлеуметтік толқулардың тууына себеп болады. Экстремистік көріністің үшінші түрі, сырт көзге байқалмайтын, адамдарға деген күдік пен сенімсіздіктен туады. Қазіргі уақытта ел мен ел, мемлекет пен мемлекет, адамдар арасындағы араздасу, бүліктердің туындауына жалған діндердің орын алуы басты себеп болып отыр.

Діни экстремизм – діни фанатизмнің шектен шыққан түрі. Кез келген экстремизмнің мәні – олардың пікірлеріне қосылмағандарға зорлық-зомбылықтарын көрсету. Діни экстремизм әлемді өздерінің шектен шыққан көзқарастарына сәйкес қайта құруға ұмтылады. Террористік іс-әрекеттердің туындауына себеп болады. Жаһандану заманында «діни экстремизм» қанатын кенге жайып, халықаралық деңгейге жетіп отыр. Қазіргі уақытта халықаралық экстремизм және терроризммен тиімді күресу үшін әлемдік қоғамдастықтармен біріге отырып жан-жақты күшейтуіміз керек. Бүкіл әлемдегі кез келген мемлекет бұл «қоғамдық қасіретке» қарсы күресті жеке жүргізу қиындыққа соғады. Сондықтан, 2006 жылы 8 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясы «Ғаламдық терроризммен күрес» стратегиясын қабылдады. Аталған құжатта БҰҰ-на мүше мемлекеттер экстремизм мен терроризмнің барлық пішіндерін бір жақты айыптайды, соған қарсы тығыз ынтымақтастық арқылы әрекет етуге дайын екендіктерін көрсетеді. Елімізде «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 10-бабында: «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарымен және халықаралық ұйымдармен экстремизмнің алдын алу, анықтау және жолын кесу саласындағы өзара іс-қимылы» деп аталады. Соған

қарап отырып, еліміз экстремизм мен терроризмге қарсы басқа мемлекеттермен бірігіп күресуге дайын екендігін көреміз. «Экстремизм әртүрлі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, дінаралық жағдайдың ушығуына да себепкер болуда. Олар қай діннің атынан белсенділік танытса, бәрінен де көп зиян шегетін сол дін. Экстремистер адамдардың дінге деген құрметі мен сенімін өз мақсаттарына кеңінен пайдалана отырып, дін үшін әрекет етіп жүргендей көрінуге тырысады». Экстремизм және терроризм өздерінің қылмыстық мақсаттарын орындау мақсатында барлық мүмкіндіктерді пайдаланады, соның ішінде әлемде ең қымбат – адам өмірі, оның денсаулығы мен қоғамдағы күнделікті іс-қимылын жоюға дейін барады.

Діни экстремистік топтардың іс-әрекеттері төмендегідей көрініс табады:

Исламға (басқа дінге) үйрету деп экстремистік идеялар таратылады;

Діни (исламдық) тәртіп үшін күресуге шақыратын топтар, партиялар ұйымдастырылады;

Билік жағынан қарсы әрекет жасалғанда жасырын жағдайға көшеді және өздеріне халықтық мүдделер үшін күресушілер тобын құрайды;

Басқа экстремистік ұйымдармен тығыз байланыстар орнаттылады және бірігеді, шетел орталықтарымен байланыста болып және олардың көмегімен билікке қарсы джихад (соғыс) жариялайды.

Сонда байқап отырсақ, экстремизм мен терроризмнің шығу себептерін талдау барысында саяси, экономикалық, әлеуметтік, этникалық, діни-конфессионалдық көзқарастары мен қайшылықтардың еркін соқтығысуында деуге болады. Әлемдегі жаһандық мәселелерді шешу барысында күш біріктірсек, бұл қауіп-қатер өсуі мүмкін. Осы кезде еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау мемлекеттің бірден-бір негізгі бағыты болып табылады.

Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі.



**Қазақстан-2050: денсаулық стандарты**

Энтеровирусты инфекция – инфекциялық ауру, ішек вирустарының тобына кіреді. Энтеровирустық инфекциялардың берілуі нәжіс және ауыз арқылы (су, тағам және тығыз қарым-қатынас арқылы) және ауа-тамшы жолдары (түшкірік, жөтел арқылы) жұғады. Ауру маусымдық сипатқа ие, бұрқ етпелер көктем-жаз және жаз-күз мезгілдерінде пайда болады. Жұқтырылу су, тамақ өнімдері, сондай-ақ науқастың нәжісі, жөтелген және түшкірген кезде өте ұсақ сілекей мен қақырық тамшылары арқылы жүреді. Инфекция ашық су қоймаларында

**Энтеровирусты инфекцияның профилактикасы бойынша ата-аналарға арналған ЖАДЫНАМА**

шомылу кезінде өте жиі жұғады.

Энтеровирустар сыртқы ортаға төзімді келеді: төмен температураларға шыдамды (тоңазытқышта бірнеше апта бойы сақталады), құбырмен келетін суда 18 күнге дейін тіршілігін жоймайды, өзеннің суында бір айға жуық, тазартылған ағынды суда екі айға дейін тіршілік етеді, сондай-ақ тұрмыстық бұйымдарда, тамақ өнімдерінде (су, жеміс, көкөніс) болады. Вирус жылыту қыздыру, қайнату, құрамында хлор бар препараттардың, ультракүлгін сәулелену әсерінен тез тіршілігін жояды.

**Инфекция қалай байқалады?**

Ауру температураның 38-40 С-қа дейін көтерілуімен, өлсіздіктен, бастың ауыруынан, лоқсудан, құсудан және көздің қарығуынан басталады. Бұл симптомдар жүрек тұсының, іштің, бұлшық еттің ауыруымен, бадамша бездердегі ұшық бөртпелерімен қатар жүруі мүмкін. Кейбір жағдайларда жоғарғы тыныс алу жолдарында талаурау, суық тию, мұрынның бітуі, жөтелу байқалады. Аурудың 1-2 күндері негізінен қолда, аяқта, ауыз қуысында және оның айналасында 24-48 сағаттың ішінде (кейде 8 күн) болатын, кейін жоғалып кететін бөртпе пайда болады.

**Бала ауырып қалса не істеу керек?**

Көрсетілген белгілерге шағымдар пайда болған жағдайда ауру өздігінен өтеді деп күтпей, тез арада дәрігерге баруыңыз қажет, өз бетіңізше емдеуге тырыспаңыз.

**Баланы қалай қорғау керек?**

Энтеровирусты инфекцияның алдын алу шаралары кез келген жіті ішек инфекциясы кезіндегі шараларға ұқсас. Мынадай ережелерді сақтаған жөн:

- Ішу үшін тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану;
  - Тамақ ішердің алдында және дәретханаға барғаннан кейін қолды сабынмен жуу, жеке және қоғамдық гигиена ережелерін қатаң сақтау;
  - Жеміс пен көкөністі пайдаланудың алдында жөке қолданып және кейіннен қайнатылған сумен шайып мұқият жуу;
  - Ресми рұқсат етілген жерлерде ғана шомылу, шомылу кезінде суды жұтпауға тырысыңыз;
  - Азық-түлікті жеке тұлғалардан және сатуға рұқсат белгіленбеген жерлерден сатып алмау.
- Емдеуден гөрі қарапайым профилактика шараларын сақтай отырып, аурудың алдын алған жеңіл екендігін есте ұстаңыз!

**«Ақтоғай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі.**

**Хабарландыру**

«Ақтоғай» несие серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының жалпы жиналысы 03.05.2022 жылы сағ. 15.00-де болады.

Күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралады:

1. Серіктестіктің басқарма мүшелерін және басқарма төрағасын қайта сайлау.

2. Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту.

Құрылтайшылардың жалпы жиналысы Ақтоғай ауылы, Ө.Бөкейхан көшесіндегі №10 ғимаратта «Ақтоғай» несие серіктестігі» ЖШС мекемесінде өтеді. Құрылтайшылардың жиналысқа толық қатысуы сұралады.


Шаруашылығын дамытуға несие аламын деген шаруа қожалықтары мына телефонға хабарласуы керек: 8 (71037) 2-18-21, 2-18-00, 8 777 540 34 71.



**Сенім телефоны**

«Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін **8 (71037) 2-12-65** нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

**Кнашин Ахат Кұлмағанбетұлы**



Кнашин Ахат 64 жасқа қараған шағында 2 сәуір күні өмірден өтті.

Кнашин Ахат Кұлмағанбетұлы 1958 жылы 3 наурыз күні дүниеге келген. Орта мектепті аяқтағаннан кейін 1975 жылы Қарағанды педагогикалық институтының дене тәрбиесі мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1979 жылы аталған институтты ойдағыдай аяқтап шықты. Осы жылы Ақтоғай ауданының оқу бөліміне жолдамамен келіп, алғашқы еңбек жолын бастады.

2006 жылы Ақтоғай ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы қызметіне тағайындалды.

2007 жылдан бастап Ө.Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде бастапқы әскери жетекші болып қызмет атқарды.

2021 жылы осы аталған мектептен зейнеткерлікке шықты.

Еңбек атқарған жылдар арасында қаншама шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, оларды халқының өткенін танып-білуге және отансүйгіштік рухта тәрбиеледі.

Сонымен қатар, ауданымыздың спорт саласының дамуына қосқан еңбегі ерекше. Ахат мұғалімнің дайындаған шәкірттері республикалық, облыстық, аудандық жарыстардың жүлдегерлері.

Кнашин Ахат Кұлмағанбетұлының терең мазмұнды сабақтары өзінен кейінгі жастарға үлгі-өнеге болатынына сенеміз.

Еңбек жолындағы еңбектері бағаланып, бірнеше дүркін Қарағанды облыстық білім басқармасының Алғыс хаты, «Нұр Отан» ХДП Ақтоғай аудандық филиалының Алғыс хаты, Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Ахат мұғалімнің өмірлік ұстанымдары да – өскелең ұрпақ үшін үлкен ғибратты дүние.

Иә, тіршілік бар жерде – қаза бар екені хақ. Біз үшін орны толмас қаза болды.

Марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Ахат әріптесіміздің есімі әріптестерінің арасында мәңгі ұмытылмайды.

**«Ө.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернат» КММ ұжымы.**

10 қазан 2021 жылы **Абдалиева Роза Мураталиевна** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ө.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.

**Еске алу**



Ақтоғай ауылының тумасы, асыл жар, қамқор әке, ардақты ата **Сейсенов Мұрат Қауанұлы** тірі болғанда, 12-сәуір күні 59 жасқа толар еді.

Өткен, тағдырдың жазуына шара бар ма, айдында адасқан аққудай болып анамыз жүр, мейіріміңізді сағынып, елендеп, іздеп немерелеріңіз жүр, әрбір айтқан даналы ақыл сөзіңізге зәру болып біз жүрміз, әке. Мейірімді жүзіңіз жүрегіміздің төрінде мәңгілік сағынышымыз болып көңілде қалдыңыз. Өзіңізге арнап дұға етуден басқа амалымыз жоқ.

Сағындым, әке, сағындым, Бәрінен ардақты, сабырлым. Кешегі бақытты шағымды, Қай жерде қалдырды сағым күн. Білмеймін, түсім бе, өнім бе, Кім болар жұбаныш көңілге? Әкемнің дауысы жадымда, Бейнесі жүректің төрінде.

**Сағынышпен еске алушылар: жұбайы, балалары, немерелері.**

**Еске алу**

«Өлімнен үлкен жау бар ма, ажалға қарсы дау бар ма?» дегендей, Ақтоғай ауылының тұрғыны **Сыздықов Саят Қалкенұлының** жанымызды жабырқатып, мезгілсіз өмірден өткеніне 40 күн толды.



Үлкенге иіліп, кішінің бәрін «бауырым» деп жүретін Саят ағамыздың бүгінде орны ойсырап тұр. Алланың жазуына не шара, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деп, рухына дұға тілеуден басқа қолдан келер қайыр бар ма? Ағалық ақыл-кеңес сұрап алдына барған сәттерде аңқылдаған ақкөңілімен қолдау көрсетіп, жүзінен жылылық есіп тұратын жанның жарқын бейнесін сағына еске аламыз.

Өкінеміз тым ертерек өтті деп, Көп арманға жете алмай кетті деп. Жаратқаннан сұранамыз енді тек, Жатқан жері жұмақ болғай деп тілеп.

**Еске алушы: Серікхан-Манаргүл.**

**Еске алу**



Тағдырдың жазуымен қадірлі сыныптасымыз, Сарытерек ауылының тумасы **Кәженов Зекенайдың** өмірден өткеніне 40 күн толып отыр. Алладан бұйрық келген соң не шара, қапияда досымыздан айырылып қалдық. О баста өлмек айқын. Бұл фәниде темір өзекті пенде жоқ, өлмес адам елде жоқ. Өлімнен өтер өткел де жоқ. Бірақ, досымызды өлімге қию да, енді арамьзда жоқ дегенге сену де қиын.

Аяулы досымызды еске ала отырып, жаның жәннатта, тәнің рахатта, Алладан рақым, Пайғамбардан шапағат болсын, иманың өзіңе жолдас болып, нұрың пейіште шалқысын деп аруағына дұға бағыштаймыз. Жан-жарың Ләззатың мен балаларыңа ұзақ ғұмыр тілейміз.

Бақ жұлдызың ерте сөнді көңілде, Қимайтұғын досымыз ең өлімге. Жатқан жерің жайлы болып торқалы, Орның болсын пейіштің қақ төрінде.

**Сағынышпен еске алушылар: Сарытерек орта мектебін 1976 жылы бітірген сыныптастары.**

К.Байсейітова атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық) КММ ұжымы мектеп психологы Бражанова Ақмаралға әкесі **Бражанов Әлижан Сәкенұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

# Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тумасы, ағайын-туысқа сыйлы, дос-жаранына құрметі бөлек жездеміз **Саят Қаламанұлын** бүгінде асқаралы 63 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Ұл-қызының сезінумен арманын, Ойлайтуғын әке асқар тау жан-жағын.

Қуанышпен құттықтаймыз біз бүгін, Жездеміздің 63-ке толғанын.

Ақтара алсақ ақ тілектің сандығын,

Шаттық ойнап, атсыншы апақ таң бүгін.

Құтты болсын, жезде, туған күніңіз,

Тілейміз біз жан мен тәннің саулығын.

**Тілек білдірушілер: Ізбасар Құлпейсовтің әулеті.**



Бір әулеттің шаңырағын биіктетіп, отын тұтатқан шамшырағымыз, отбасымыздың алтын дінгегі, анамыз **Смбекова Рымгүл** 60 жасқа келіп отыр.

Бұл жасқа жетіп, өзінің көркем болмысын жоғалтпай, жақындарына сыйлы болып отырғаныңыз абыройыңыздың белгісі. Әкеміздің жоқтығын білдірмей, қамқорлық пен сүйіспеншілігіңізді бізге беріп, ықыласыңыз бен мейіріміңізге бөлеп тәрбиеледіңіз. Осы айтулы күні сізге баянды ғұмыр, берік денсаулық, шаттық пен жақсы көңіл-күй тілейміз.

60 жасқа толған біздің анамыз, Әлі күнге еркелейміз біз сізге.

Қартаймаңыз, мәңгі жас боп жүре бер,

Бағып әлди шөбереннің баласын.

**Ақ тілекпен: Нұрсұлтан-Гүлім, немерелері – Аңсар, Инжу, Асылым.**



Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті досымыз **Кенжегарин Бүркітті** зейнеткерлік жасқа толған қуанышымен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге ең бастысы, зор денсаулық, қажымас қайрат тілейміз. Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 63 жасқа алып жетті. Адам баласының ұзақ өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтсе-дағы Пайғамбар жастың орны мүлде ерекше екені баршаға мәлім. Міне, ортамызда аман-есен алтыншы асқардың шыңына қол созып отырсыз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған армандарыңыздың асуларына жете беріңіз. Бала-шағаларыңыздың қызық-қуаныштарына кенеліп, Алланың берген жасын жасай беруіңізге тілектеспіз.

Құтты болсын зейнеткерлік жасыңыз, Жақсылық пен қуаныштан тасыңыз.

Ел-жұртыңның ортасында есен-сау, Күліп-ойнап, жүзге келсін жасыңыз!

Қасыңызда Маралыңыз аман болсын, Берекелі, ырысты заман болсын.

Бала-шаға, отбасымен ойнап-күліп, Болашаққа бақытты қадам болсын!

**Ізгі ниетпен: Теңлік-Күләш, Гүлдана, Шәріп-Гүлсания, Ергалы-Нұрған, Сергей-Бақыт, Иса-Ләззат, Жаскәдір-Алмагүл, Совет-Алмагүл, Раушан, Алтай-Тиішкүл, Нұрлан-Айгүл.**



## Құрметті Саят Қаламанұлы!

Сізді келіп жеткен зейнеткерлік – 63 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Алпыстың асқарынан асқан ағалық жасыңызға құтты болсын айта отырып, үлкен бір шаңырағымыздың панасы, жанұяңыздың шайқалмас берік тұғыры болып отыра беріңіз. Ұрпақтарыңыздың бақыты жолында еңбектеніп, өсіріп жеткізген ұрпақтарыңыздың қызығын Жанат екеуіңіз бірге қызықтап, шөберенің қолынан май жалауға Алла нәсіп етсін. Шаңырағыңызда шатшадыман күндер тарқамай, ырыс-несібелеріңіз арта берсін.



Ақ түйенің қарны бүгін жарылсын, Туған-туыс үйге бүгін ағылсын.

Ақ ниетпен тілеген ақ тілектер, Періштенің құлағына шалынсын.

**Ізгі тілекпен: аға-женген – Мұрат-Ғайша, бауырларыңыз, немерелеріңіз – Айару, Санжар, Мадияр.**

## Құрметті Рымгүл құдағи!



Сізді 60 жасқа толған мерей-жасыңызбен құттықтаймыз! Алпыс – талтүс. Алда әлі талай асулар мен белес-белдер бар. Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, деніңіздің саулығын, отбасыңыздың амандығын, қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөлене беріңіз. Абыройыңыз асқақтай берсін дей отырып, төмендегі өлең жолдарын арнаймыз:

Бақыт атты биіктен көріңіз, Осы күні шаттансын көңіліңіз. Ырысыңыз таусылмай арта берсін, Нұрлы болсын әрқашан өміріңіз.

**Ізгі ниетпен: Балқаш қаласынан құда-құдағиыңыз – Арунрашит-Света, балаларыңыз – Ануар-Айжан, жиендеріңіз – Аруна, Арыстан.**

## Құрметті Рымгүл құдағи!

60 жасқа толған мерейтойыңыз құтты болсын! Жеңілі мен ауыры, шуағы мен дауылы қатар жүретін өмір атты ұзақ жолдың аяғы талмас жолаушысы болыңыз. Деніңіз сау, жасыңыз ұзақ, ғұмырлы болыңыз. Арайлап атқан әрбір таң мен нұрлана батқан кеш бақыт, қуаныш сыйласын сізге. Жасыңызға дәл осындай жас қосылып, көңіліңіз дәриядай жарқырасын!



**Ізгі тілекпен: құдағиыңыз – Оралтай, Бауымбековтер әулеті.**



## Әулетіміздің құрметті келіні Рымгүл!

Сізді 60 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Мол бақыт, зор денсаулық, отбастарыңызға амандық тілейміз. Арайлап атқан таңдарыңыз бақыт сыйлап, босағаларыңыздан береке кетпесін. Ағайын-туғандардың құрметіне бөленіп, бала-шағаның қызығын көре

беруіңізге тілектеспіз.

Құтты болсын мереке тойыңыз, Орындалсын арман-мақсат ойыңыз. Әулетіміздің құрметіне бөленіп, Әрқашанда биік төрде болыңыз!

**Ізгі тілекпен: Қалижановтар әулеті.**

## Құрметті әпкеміз Рымгүл Смбекова!

Әрбір ісіне адалдықты ту етіп, жеке басының ақыл-парасатымен кейінгілерге үлгі бола білген сүйікті әпкемізді мерейлі жасымен құттықтай отырып, отбасының берекелі, бала-шағасының аман болуына, денсаулығы мықты қалпында ұзақ жасауына тілектеспіз. Әпке, елге сыйлы, туыстарыңызға бауырмал, әрдайым көпшіл қалпыңыздан айнымаңыз!

Жан Әпке, қашаннан-ақ жаны жақсым, Шыққандай жанарыңнан жадырап күн. Ең алғаш сен туып, қуаныпсың, Жандарың біздің үлкен шаңырақтың. Естияр боп тірлікте баянды кем, Еркелетіп бәрімізді аялап ең. Жарың кетті бақиға, сен қамықпа, Бұл күнде таласуда немерелер құшаққа кен. Балаларың – мәңгілік қуанышың, Дәрігерлік бақытың бар, жұбаншың. Біз сені саф алтыннан кем көрмейміз, Нағыз алтын жарқырап тұрады шын!

**Ақ тілекпен: Екпіновтер әулеті.**



Құрметті де қадірлі, сыйлас көршіміз **Рымгүл Смбекова!** Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Келіп жеткен асқаралы жасыңыз құтты да берекелі болып, сізге зор қуаныш пен шаттық, арайлы бақыт пен ырыс-бақ әкелсін. Іштегі арман, ойдағы мақсаттарға талмай жетіп, шаңырағыңызда тек

амандық пен жақсылық мол болсын.

Жүреікші әндетіп, думандатып, Туған күндер жіберсін жадыратып. Келген алпыс қуантсын бір өзіңді, Таңқалдырып шаттықпен, таңырқатып.

**Ізгі тілекпен: көршілері – Қайыр-Жанар, Жасұлан-Бақыт, Мейірбек-Айнұр, Сағынбек-Гүлшат, Медет-Рәзия, Берік-Биби, Нұрхан-Забира, Съезд-Жайна, Карсенбай-Қарлығаш, Ләззат, Бұлбұл, Секен-Айнагүл, Жанболат-Айзада.**

## Құрметті де қадірлі сыныптасымыз Мақсұтова Алмагүл

**Сабырқызын** жарты ғасырлық мерейтой – 50 жасқа толуымен сыныптастары құттықтайды. Осы қуанышты күні Алмагүл, саған деніңнің саулығын, шаңырағына ырыс-байлық, жүрегіңе мәңгі жастық жалын, көңіліңе сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңнан танбай, табыстан табысқа жете бер. Отбасыңнан ынтымақ, басыңнан бақ таймасын! Көңілің ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройың әрдайым артып, аңсаған арманыңның асуларына жете бер! Тек шаттыққа толы күндер кешіп, бағыңда бақыт құсы сайрап, сәулетіңе сай дәулет орнасын деп тілейміз.

Құтты болсын мерейтой, 50 жасың, Әр уақытта домалап өрге тасың.

Қосағыңмен қоса ағарып, шөбере сүйі, Ешқашанда көңіліңді кір шалмасын.

Елу деген – ес тоқтату, есею, Елу деген – елдің жүгін көтеру.

Туған күнмен құттықтаймыз өзіңді, Қанжығаңа ілінсін деп қос елу.

**Ізгі ниетпен: Марлен-Бота, Сана-Қарлығаш, Самат-Сәуле, Ғибрат-Панар, Сембек-Қорлан, Инабат-Гүлмира, Амантай-Жанар.**



## Құрметті Сабыржан

### Балтабекұлы!

Сізді адам өмірінің бір бел белесі, мерейлі 50 жасқа толуыңызбен құттықтаймыз! Жүзіңізден шуақ кетпей, бала-шағаңыздың ортасында күліп-ойнап, шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп, ұзақ жасай беріңіз. Аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, отбасыңыз берекелі, әр күніңіз мерекелі болсын. Ең бастысы, мықты денсаулық тілейміз.

Ашық болсын өмірде мынау жолыңыз, Ұзақ жасап, 100 жасқа да толыңыз.

Еркелетер немерелер көп болып, Ортасында ардақты ата болыңыз!

**Ізгі тілекпен: С.Ибраев атындағы мектеп ұжымы.**



**Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА**

**Директор-Бас редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

**Меншік иесі: "Ақтоғай ажары" газеті редакциясы ЖШС**

**Тіркеу күші: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

**Газет аптасына 1 рет шығады**

**Жауапты хатшы Думан КАБЫЛ**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

**Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.**

**Таралымы 1200 дана**

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абау көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**



**Электрондық пошта aktogai\_red@mail.ru**

**Газетке А4 форматты 3 бетмен асқан материалдар қабылданбайды.**

